



КеАҚ «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН

КеАҚ Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау университетінің

Басқарма төрағасы - ректор


С.Н.Идрисов





«*С.Идрисов*» 01 2021 ж.


**ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ
БІЛІМ БЕРУ БАРЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

СМЖ № 066

Атырау 2021ж.


 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру барысын ұйымдастыру туралы Ереже	2-бет, 16 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	IT дамыту және цифрлық университет кеңсесінің жетекшісі	Молдашев А.А.		20.01 21
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор м.а.	Утепкалиева К.М		20.01 21
	Сапа мониторинг кеңсесінің жетекшісі	Кайшыгулова Ж.Т.		20.01 21
	Заң қызметінің жетекшісі	Куанов К.		20.01 21

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру барысын ұйымдастыру туралы Ереже	3-бет, 16 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Терминдер мен анықтамалар	4
4	ҚБТ көмегімен оқу үдерісін ұйымдастырудың шарттары мен қағидалары	5
5	Қашықтан оқыту технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру тәртібі	7
6	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы ұйымдастырушылық-әдістемелік оқу үдерісін қамтамасыз ету	8
7	ЖАОК ұйымдастыру	9
8	Өзгертулер	11
9	Келісім алу, сақтау және тарату	11
10	1-қосымша	12
11	2-қосымша	13
12	3-қосымша	14
13	Танысу парағы	15
14	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	16

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру барысын ұйымдастыру туралы Ереже	4-бет, 16 беттен тұрады

1.1 Осы құжат Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіндегі қашықтан білім беру технологияларын қолданумен оқу үдерісін тиімді жүзеге асыру бойынша талаптарды реттейді.

1.2 Бұл құжат Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіндегі білім беру үдерісіне жауапты бөлімшелерде қолданылады.

1.3 Осы құжат ішкі нормативтік құжат болып табылады және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасына кіреді.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1 «Білім туралы» Заң 27.07.2007 ж. № 319-III;

2.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.

2.3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

2.4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

2.5 Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары әзірленген, Қазақстан Білім және Ғылым Министрлігі бұйрығымен бекітілген 20 наурыз 2015 жылы №137 (ҚР Әділет Министрлігі 22.04.2015 жылы №10768 бекітілген)

2.6 - ИСО 9001:2015 Халықаралық Стандартының талаптарына.

3. Терминдер мен анықтамалар

Қашықтан оқыту - қашықтан оқыту технологияларын қолданумен оқыту.

Қашықтан білім беру технологиялары (ҚБТ) - білім алушы және оқытушының ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолданумен немесе толық өзара әрекеттесуімен жүзеге асырылатын технологиялар.

Кейстік технология - қағаз, электронды және өзге де тасымалдағыштарда оқу-әдістемелік материалдар жиынтығына (кейстерге және оларды өз бетінше зерделеу үшін білім алушыларға жеткізуге негізделген технология.


Контент - оқу материалдарын ақпараттық (мәтіндер, графикалар мультимедиалар және басқа да маңызды толықтырулар) толықтыру.

Мультимедиа - пайдаланушыға диалогтық режимде әр текті деректермен (графика, мәтін, дауыс, бейне) жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені.

Қашықтықтан білім беру жүйесі (ҚБЖ) – білім алушылардың үлкен ағындарға арналған қашықтан оқытудың тәуелсіз білім тестілеудің толыққанды үдерісін ұйымдастыру үшін әзірленген жүйе. Ол университеттік білім берудің классикалық үлгісіне сәйкес әртүрлі дәрежедегі оқу үдерісін ұйымдастыру мен басқарудың компоненттерінен тұрады.

Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) - оқытушылардың оқыту үрдісіне тікелей қатыспастан білім алушылардың жаңа білімі мен дағдыларын белсенді, мақсатты түрде алу тәсілі.

Синхронды өзара әрекеттесу білім алушының және оқытушының нақты уақыт тәртібіндегі қарым-қатынасын қамтиды. Ол үшін қашықтықтан білім беру технологиясы немесе бейнебайланыс жүйелері пайдаланылады.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру барысын ұйымдастыру туралы Ереже	5-бет, 16 беттен тұрады

Синхронды өзара әрекеттесу білім алушының және оқытушының нақты уақыт тәртібіндегі қарым-қатынасын қамтиды. Ол үшін қашықтықтан білім беру технологиясы немесе бейнебайланыс жүйелері пайдаланылады.

Желілік технология - оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді, білім алушылардың оқытушылармен және бір-бірімен интерактивтік өзара іс-қимыл нысандарын, сондай-ақ Интернет желісін пайдалану негізіндегі оқу процесін әкімшілендіруді қамтитын технология.

Теледидарлық технология - теледидардың эфирлік, кабельдік және спутниктік желілерін пайдалануға негізделген технология.

Тьютор - білім алушыларға оқытушы оқытатын пәнді меңгеруге көмектесетін тұлға.

Форум - ҚОЖ элементі болып табылады, ол пайдаланушыға «сұрақ-жауап» режимінде (асинхронды түрде, яғни ыңғайлы уақытта) көрініс аймағына жататын, білім беру үдерісінің қатысушыларымен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Чат – пайдаланушыға білім беру үдерісінің қатысушыларымен Интернетте (синхронды, яғни, бір мезгілде) нақты уақыт аралығында көрінетін аймағына жататын қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін ҚОЖ элементі.

Видеодәріс - бұл мультимедиалық қосымшалармен толықтырылған оқытушының дәрісі.

Электронды оқу-әдістемелік кешені (ЭОӘК) - пәнге қажетті материалдар жинағы.

жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі – ЖАОК) – электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және Интернет арқылы ашық қол жеткізуге болатын оқыту курсы.

Аралас оқыту – дәстүрлі күндізгі оқыту нысанында және қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып жүргізілетін оқыту технологиясы.

Жаппай ашық онлайн-курстардың онлайн-платформасы (бұдан әрі – ЖАОК ОП) - ашық интернет-білім беру порталы болып табылады, бұл таңдап алынған онлайн курстар үшін қашықтықтан оқытуға мүмкіндік береді.


4. ҚБТ көмегімен оқу үдерісін ұйымдастырудың шарттары мен қағидалары

4.1 ҚБТ-ын пайдалана отырып, университетте оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:


- 1) оқытуды жекешелендіру;
- 2) оқытудың тиімділігін (сапасын) жақсарту;
- 3) дәстүрлі оқыту нысанын қолдану қолжетімсіз адамдарға білім беру қызметін ұсыну.

4.2 Университетте ҚБТ-н ұйымдастыру және дұрыс жұмыс істеуі үшін:


- 1) оқытушыларды, тьюторларды қашықтықтан білім беру технологияларын іске асыру бойынша оқытуды ұйымдастырады;
- 2) білім беру ресурстарын әзірлеу және жаңарту үшін педагогикалық қызметкерлерге, профессорлық-оқытушылық құрамға жағдай жасайды;
- 3) білім алушыларға оқу материалын ақпараттық технологиялар немесе қағаз тасымалдағыштар арқылы жеткізеді;
- 4) «on-line» режимінде кеңес беруді ұйымдастырады және өткізеді;
- 5) «off-line» режимінде білім алушылармен кері байланысты ұйымдастырады;
- 6) «on-line», «off-line» режимінде білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылайды;
- 7) аутентификация жүйесі арқылы білім алушылардың тұлғасын сәйкестендіреді.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру барысын ұйымдастыру туралы Ереже	6-бет, 16 беттен тұрады


- 4.3 ҚБТ бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде келесі қағидаларды сақтау қажет:
- 1) оқытудың білім беру және дамыту функцияларының бірлігі;
 - 2) ұжымдық немесе жеке білім беру нысандарын пайдалану;
 - 3) оқудағы жүйелілік пен дәйектілік;
 - 4) білім беру ресурстарының болуы;
 - 5) білімді меңгеру, шығармашылық даралығын дамыту және таныту үшін ең қолайлы жағдайлар жасау;
 - 6) жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың орындылығы;
 - 7) қауіпсіздік, яғни құпия ақпаратты қорғау, жалған ақпарат таратуды, алаяқтықты және оқытуды бұрмалауды болдырмау және т.б. байланысты кең ауқымды шараларды қамту.
- 4.4 ҚОТ бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру үшін университетке қойылатын талаптар:
- 1) білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпараты бар парақтарымен білім беру порталының;
 - 2) телекоммуникациялық желіге шығу мүмкіндігі бар жабдықтың (Интернет, спутниктік теледидар);
 - 3) мультимедиалық сыныптардың және электрондық оқу залдарының;
 - 4) оқу контентінің;
 - 5) тестілеу кешенінің;
 - 6) оқытуды басқарудың желілік жүйесінің (Learning Management System - LMS) болуы талап етіледі.
- 4.5 ҚБТ жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім деңгейінде білім алушыларға қолданылады:
- 1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру базасындағы қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша;
 - 2) барлық білім беру деңгейлерінде мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар, оның ішінде мүгедек балалар, I және II топтағы мүгедектер болып табылатын тұлғалар үшін;
 - 3) «Болашақ» стипендиаттарын қоспағанда, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейінде білім алушылардың алмасу бағдарламалары мемлекет бойынша және мемлекет аумағынан тысқары шыққан білім алушылар;
 - 4) жоғары білім деңгейінде сырттай оқу түрі бойынша жедел әскери қызметке шақырылғандар;
 - 5) жоғары білім деңгейінде ұзақ мерзімді (4 айдан астам) шетелдік іссапардағы тұлғалар;
 - 6) мекемеде тиісті техникалық жағдай болса, сотталғандар, колония-қоныстарда (қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде) жазасын өтеп жүргендер.
- 4.6 ҚБТ-на қатысушыларының функциялары
- 4.6.1 ҚБТ бойынша білім алатын студенттің функциялары:
- ҚБТ-ны пайдаланумен өтінішті ауыстыру туралы немесе оқуға қабылдау;
 - әдістемелік материалдарды әзірлеуге;
 - оқу жоспарында қарастырылған оқу сабақтарының барлық түрлерін орындауға;
 - практиканың барлық түрлерін өту үшін ;
 - ағымдық, межелік және қорытынды білім деңгейін бақылаудан өту.
- 4.6.2 ҚБТ бойынша оқытушының қолданатын функциялары:
- оқу-әдістемелік материалдар және ресурстарды әзірлеу;
 - өзінің біліктілігін арттыруға;

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру барысын ұйымдастыру туралы Ереже	7-бет, 16 беттен тұрады

- коммуникациялар кестесін әзірлеу(сабақтар мен оқушының оқытушымен өзара іс-қимыл әдістері)және "on-line" режимінде консультациялар жүргізу .
 - "off-line" режимінде білім алушылармен кері байланысты ұйымдастырады;
 - студенттердің білімін бақылаудан өткізу,"on-line","off-line" режимінде білім алушылардың оқу жетістігін бақылайды.
- 4.6.3 Кафедра функциялары:
- ҚБТ бойынша жұмыс оқу жоспарларын пайдалана отырып әзірлеу;
 - қашықтықтан оқытудың электрондық оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу;
 - ҚБТ пайдалану арқылы іске асыратын оқу жоспарының барлық пәндері бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешендерінің болуы,.
 - оқу-әдістемелік ресурстар сапасын бақылау.
- 4.6.4 ІТ дамыту және цифрлық университет кеңсесі мен АКТ-ны әзірлеу және дамыту бөлімінің орталық қызметтері:
- кейстерді қалыптастыру;
 - АКТ бойынша зерттеу және озық тәжірибесін енгізу;
 - электрондық оқулықтарды мультимедиалық курстарды, әдістемелік құралдар мен басқа да әдістемелік құралдарды әзірлеу, сатып алу және игеру;
 - порталдағы ресурстарды жариялау;
 - ҚБТ үшін ақпараттық ресурстарды қолданудың әдістемесін әзірлеу;
 - білім беру порталынақпараттық-техникалықсүйемелдеу;
 - авторландырылған ресурстарға қолжеткізуді қамтамасыз ету.
5. **Қашықтан оқыту технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру тәртібі**
- 5.1 Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен Жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгілік ережесіне негізделеді.
- 5.2 ҚБТ бойынша оқуға ниет білдірген білім алушылар еркін нысанды ЖОО-ның ректоры атына растаушы құжаттарды ұсына отырып оқуда ҚБТ-ын пайдалану мүмкіндігі туралы негіздемеелері бар өтінішті деканатқа академиялық кезеңнің басталғанына дейін жазып тапсырады:
- 1) пәндік білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін адамдар үшін;
 - 2) мүгедек балалардың ҚБТ бойынша оқу процесіне қатысу мүмкіндігі туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияны ұсынымы;
 - 3) егер білім алушы сотталса және қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын өтеуге жіберілсе, пениципиалды мекеме басшысының келісімі немесе рұқсаты қоса беріледі.
- 5.3 Білім алушылардың өтініштері деканатта берілген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралады.
- 5.4 Шешім оң болған жағдайда факультет деканы студенттік кеңсеге ұсыныс береді,әрі қарай студенттік кеңсе білім алушылардың ҚБТ-ны пайдалану туралы бұйрықтыүш жұмыс күні ішінде шығарады.
- 5.5 ҚБТ бойынша білім алушылар оқуға қабылданған кейін ҚБЖ-нің қағидалары мен мүмкіндіктерін түсіндіру мақсатында кіріспе сабақтар өткізіледі және қашықтан білім беру жүйесінің пайдаланушы нұсқаулығы беріледі.
- 5.6 Оқу жылы академиялық күнтізбеге сәйкес басталады.


 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру барысын ұйымдастыру туралы Ереже	8-бет, 16 беттен тұрады

- 5.7 ҚБТ қолданатын оқу үдерісі қашықтан және байланыс форматтарын қамтиды:
1) қашықтықтан оқыту нысаны - Интернетте off-line және on-line тәртіпте оқытушылармен байланыста болатын білім беру порталындағы өзіндік жұмыс (практикалық, зертханалық және СӨЖ тапсырмаларын орындау, курстық жұмыстар жазу, аралық бақылаудан өту);
2) оқытудың байланыс нысаны – бұл аудиториялық сабақтар (арнайы зертханалық жұмыстар, зерттеу дәрістері), барлық бақылау іс-шаралары: емтихан тапсыру, курстық жұмыстарды қорғау, графикалық есептеу жұмыстарды қорғау, қорытынды бақылау.
Білім беру қызметінің барлық түрлері: оқытушының (тьютор) педагогикалық қарым-қатынасы дәрісханада білім алушымен немесе электрондық байланыс құралдарын пайдаланумен, білім алушының өзіндік жұмысымен оқыту тәсілімен жүзеге асырылады.
- 5.8 Оқытушы-тьютордың жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы пәннің барлық оқу материалдары бойынша интерактивті консультацияларды (чат, форум, онлайн-сабақтар арқылы) және білім алушылардың теориялық материалдарын өз бетімен оқып-үйренуін қамтиды.
- 5.9 ҚБТ пайдалану арқылы оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде консультациялар әр түрлі нысандарда жүргізілуі мүмкін: жеке күндізгі (білім алушының бастамасымен); жеке қашықтан (бақылау және аттестаттау жұмыстарын, телефон арқылы, электронды пошта арқылы, чат, форум, онлайн-кеңестер); қашықтықтан топпен (чат арқылы, форум).
- 5.10 Қашықтықтан оқыту арқылы сабақтар бейне дәрістер, мультимедиялық дәрістер түрінде өткізіледі; онлайн-дәрістер, білім алушылардың электронды оқу басылымдарында өз бетінше жұмыс істеуі; компьютерлік тестілеу жүйесі; форумдар, чаттар және электрондық пошта арқылы кеңес беру.
- 5.11 Әр пән бойынша белсенді оқу жүктемесінің жалпы сағаттарындағы қашықтықтан оқыту нысаны бойынша қатынасы - 80%-ды, алоқытудың байланыс нысаны бойынша қатынасы - 20%-ды құрайды.
- 5.12 Білім алушы емтихан сессиясы басталғанға дейін пәндер бойынша қарастырылған барлық тапсырмаларды қашықтықтан орындауға міндетті. ҚБТ бойынша білім алушыларды аралық аттестаттау Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті білім алушыларының ағымдағы үлгерімін, аралық бақылаудан өткізу туралы ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.
- 5.13 Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру академиялық күнтізбе және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті білім алушыларына қорытынды аттестация өткізу туралы ережесінде көзделген мерзімде жүргізіледі.
- 6. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы ұйымдастырушылық-әдістемелік оқу үдерісін қамтамасыз ету**
- 6.1 Қашықтықтан оқыту жүйесі университетте қашықтықтан оқыту технологиясын енгізудің негізгі құралы ретінде пайдаланылады. Қашықтан оқытуға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету платформасы Platonus автоматтандырылған ақпараттық ортасының өзара әрекеттестігі негізінде ҚБ қолдау жүйесімен жүзеге асырылады.
- 6.2 Қашықтан оқыту жүйесі оқытушы мен білім алушының арасында да, білім алушылар арасында да кез-келген форматты файлдарды алмасуды қолдайды.
- 6.3 Порталда интерактивтілікті арттыру үшін стандартты онлайн-оффлайн өзара әрекеттесу қызметтерінен басқа (чат, форум, сауалнама, электронды пошта) онлайн-оқыту сервисі пайдаланылады, ол виртуалды онлайн-класс көмегімен әр түрлі құралдармен қамтамасыз

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру барысын ұйымдастыру туралы Ереже	9-бет, 16 беттен тұрады


етеді, бұл максималды ақпарат беруге мүмкіндік береді (веб-камерадан сурет, кірістірілген чат, интерактивті тақталардың шектелмеген саны, монитор экранындағы бейне және пайдаланушы әрекеттері және т.б.).

- 6.4 Білім алушыларға оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін, ҚБТ көмегімен жүзеге асырылатын оқу жоспарының барлық пәндері бойынша электрондық оқу-әдістемелік материалдар болуы керек.
- 6.5 Электрондық оқу-әдістемелік кешендерді дайындауды білім беру бағдарламасына сәйкес әзірленген бекітілген жұмыс оқу бағдарламалары бойынша жасақтаушы жүзеге асырады.
- 6.6 Пәннің электрондық оқу-әдістемелік кешені міндетті және қосымша жиынтықтарынан тұрады. Міндетті жиынтық:
- 1) пәннің мазмұнын, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды, ұсынылатын әдебиеттер (негізгі және қосымша) тізімін, пәндерді модульдерге бөлуді қамтитын силлабустан;
 - 2) дәрістердің электрондық конспектісінен және бейнедәрістерден;
 - 3) практикалық және семинар сабақтарының материалдарынан;
 - 4) білім алушының өзіндік жұмысына және білім алушының оқытушының жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмысына арналған тапсырмалардан;
 - 5) аралық бақылауды ұйымдастыру материалдарынан (бақылау жұмыстары, тестілеу тапсырмалары, жеке тапсырмалар);
 - 6) қорытынды бақылауды ұйымдастыру материалдарынан (тестілеу емтихандық тапсырмалар, емтихан сұрақтары, билеттер, емтихандық бақылау жұмыстары);
 - 7) қашықтықтан консультациялар жүргізу кестесінен тұрады.
- 6.7 Білім алушылардың білімін тесттік бақылауға арналған материалдарды құрған кезде келесі жалпы әдістемелік талаптар сақталуы тиіс:
- 1) пәнге арналған тестілеу негіздері МЖМБС талаптары, типтік оқу жоспары және силлабус;
 - 2) пәнді оқыған кезде, білім алушылар тесттік деректер базасына енгізілген барлық тапсырмаларды орындауы керек;
 - 3) емтиханға дайындық кезінде білім алушылар тесттік деректер базасына енгізілген барлық типтік міндеттерге қол жеткізуі керек;
 - 4) бақылау базасының көлемі мен оның өзгермелілігі бақылаудың дұрыстығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс;
 - 5) тестілік базада төмендегі пропорцияда күрделіліктің үш деңгейінің тапсырмалары болуы керек: қарапайым – 40%, орташа – 40%, күрделі – 20% (міндеттердің күрделілігін анықтау кезінде осы пән бойынша оқитын білім алушылардың орташа деңгейіне назар аудару керек);
 - 6) тапсырмалар білім алушылардың пәнді оқып-үйрену барысында алған білімдерін және бұрын оқыған пәндер бойынша қалдық білімдерін пайдалануды (пререквизиттерді) қамтуы тиіс;
 - 7) тестілеу негіздерін дайындау кезінде кейін зерттелетін пәндерде (постреквизиттері) қолданылатын пән бойынша білім міндеттеріне назар аудару керек.


 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру барысын ұйымдастыру туралы Ереже	10-бет, 16 беттен тұрады

7. ЖАОК ұйымдастыру

- 7.1 Университетте халықаралық тәжірибе (Edx, Coursera, FutureLearn және т.б.) негізінде оқыту курсының жоғары сапа деңгейін қамтамасыз ету үшін жеке пәндерді оқу нәтижелерінің және білім алушының құзыреттілігінің сәйкестігін бағалау арқылы ЖАОК арқылы оқуға мүмкіндік беріледі.
- 7.2 Университетте ЖАОК қолданудың келесі модельдері қолданылады:
- 1) ЖАОК пайдалану арқылы білім беру бағдарламасы бойынша аралас оқыту (Модель 1) - ЖАОК элементтерін қолдану арқылы оқытушының басшылығымен оқыту;
 - 2) игерілетін дайындық бағыты мен білім беру бағдарламасына сәйкес, оқу нәтижелері туралы сертификат ұсына отырып, білім алушының өзіндік оқуы (2 Модель).
- 7.2.1 1 модульге сәйкес оқу үдерісінде ЖАОК пайдалану үшін ол келесі талаптарды қанағаттандыруы тиіс:
- ББ игеру нәтижелері бөлігінде мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігі;
 - академиялық кредиттерде (ECTS) немесе сағаттарда көрсетілген еңбек сыйымдылығының игерілетін ББ оқу жоспарының тиісті пәнінің (модулінің) еңбек сыйымдылығынан төмен емес сәйкестігі;
 - білім алушының тегі, аты, әкесінің аты, меңгеру мерзімі, атауы мен көлемі, игеру нәтижелері, бағалау шкаласының мөлшері туралы ақпаратты қамтитын құжатпен расталған ЖАОК білім алушының меңгеру сапасын бақылаудың толық процедурасын көрсету.
- 7.2.2 1 Модуль бойынша оқу үдерісінде қолдануға ұсынылатын ЖАОК тізбесі университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен бекітіледі және университеттің ресми сайтында орналастырылады (2 қосымша):
- ЖАОК атауы;
 - онлайн-платформаның және /немесе университеттің атауы;
 - ЖАОК зерттеудің еңбек сыйымдылығы мен ұзақтығы;
 - ЖАОК ұсынылатын дайындау бағыттары;
 - ЖАОК сәйкескелетін ББ оқу пәндерінің / модульдерінің атауы;
 - пайдалану шарттары (модельді көрсету).
- 7.2.3 Игерілген пәндерді ЖАОК арқылы қайта есептеуді кафедралар жүзеге асырады.
- 7.3 Оқу пәні (модуль) бойынша оқытушының оқу жүктемесін сақтай отырып, ЖАОК-тың белгілі бір элементтерін (бейне-дәрістер, презентациялар, тренингтер, өзіндік жұмыстар және т.б.) пайдалана отырып, университет оқытушысының тікелей басшылығымен оқу пәнін (модуль) меңгеруді көздейді.
- 7.3.1 1 модель бойынша (аралас оқыту) оқу пәндерінің (модульдердің) тізбесін меңгеру үшін академиялық кезең басталғанға дейін даярлау бағыттары бойынша университеттің ОӘК бекітілген ЖАОК тізбесінің негізінде қалыптастырылады.
- 7.3.2 ЖАОК элементтерін пайдалана отырып игерілетін оқу пәні (модуль) бойынша оқытушы электрондық оқытуды ұйымдастыру-әдістемелік сүйемелдеуді, практикалық сабақтар мен бақылау іс-шараларын өткізуді жүзеге асырады. Оқу жүктемесі оқытушының практикалық және семинарлық сабақтар, аралық аттестаттау бөлігінде сақталады.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру барысын ұйымдастыру туралы Ереже	11-бет, 16 беттен тұрады

- 7.3.3 Электронды оқытуды және / немесе қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып сабақ өткізу кезінде оқытушы-тьютор оқу порталындағы сабақ кестесін өзгерте алады.
- 7.3.4 Оқу пәнінің (модульдің) силлабусында курстың атауын, ЖАОК орналастырылған платформаның атауын, онлайн-курсқа сілтеме көрсету қажет.
- 7.3.5 Оқу пәні (модуль) бойынша ЖАОК элементтерін пайдалана отырып аралық аттестаттауды оқытушы университетте белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.
- 7.4 Білім алушы бекітілген университет тізбесіне кірмейтін ЖАОК пайдалану арқылы оқу пәнін (модулін) өз бетінше меңгеруге құқылы. Ол АТУ-нің бейресми білім беру арқылы білім алушылардың алған оқу нәтижелерін тану ережесінде келтірілген.
- 8. Өзгертулер**
- 8.1 Ережеге енгізілетін өзгерістер АМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолы қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді әзірлеу тәртібі туралы ереженің талаптарына сәйкес жүргізіледі.
- 8.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырылулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.
- 8.3 Ережені ҚББ үш жылда 1 рет қайта қарап отырады
- 8.4 **Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:**
-заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;
-ректордың бұйрықтары;
-құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
-құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;
-ҚББ мен АМЖП -дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.
- 8.5 Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады
- 8.6 Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ережелердің университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.
- 8.7 Ескірген, күшін жойған Ережелерді жинап алуға және жаңасымен ауыстыруға ҚББ және СМЖ қызметі жауапты.
- 9. Келісім алу, сақтау және тарату**
- 9.1 Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілері талаптарына сай жасалуын СМЖ қызметі жүзеге асырады.
- 9.2 Ережені ҚББ дайындап, жасайды.
- 9.3 Ереже келісімімен жасалады:
- АМЖП;
- СМЖ қызметімен;
- заң қызметінің жетекшісімен.
- 9.4 Ережені ректор бекітеді және оның күшін жоюына дейін қолданыста болады.
- 9.5 Ереженің тіркеуге алынған жұмыс даналарын тиісті бөлімдерге жеткізуді СМЖ қызметі жүзеге асырады.
- 9.6 Құрылымдық бөлімдегі Ережелердің тіркеуге алынған жұмыс даналарын сақтауға ҚББ жауапты.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру барысын ұйымдастыру туралы Ереже	12-бет, 16 беттен тұрады

1-қосымша

ӨТІНІШ ФОРМАСЫ

Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
Басқарма төрағасы - ректор
С.Н.Идрисовке

_____ факультет/ мамандық
_____ курс _____ тобының студенті

(Т.А.Ә)

Өтініш


Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларының 8-бабының 1) тармағына сәйкес, Сізден маған қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚБТ) бойынша оқуға рұқсат етуіңізді сұраймын. Қысқартылған білім бағдарламасы бойынша оқудамын және ҚБТ-ын пайдалануға мүмкіндігім бар.

Қолы

Күні, жылы

Өтінішке қосымша келесі құжаттардың көшірмесі тіркеледі (қажеттігіне орай және болған жағдайда):


- 1) мүгедек балалардың ҚБТ бойынша оқу процесіне қатысу мүмкіндігі туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияны ұсынымы;
- 2) пәндік білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін адамдар үшін;
- 3) егер білім алушы сотталса және қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын өтеуге жіберілсе, пениципиалды мекеме басшысының келісімі немесе рұқсаттамасы;
- 4) академиялық ұтқырлықпен оқуға жіберу туралы бұйрықтың көшірмесі;
- 5) жедел әскери қызметке шақырылғандығы туралы шақыру қағазы;
- 6) 4 айдан астам шетелдік іссапарға жіберілуі туралы бұйрықтың көшірмесі.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру барысын ұйымдастыру туралы Ереже	13-бет, 16 беттен тұрады

2-қосымша

_____ оқу жылына арналған оқу үрдісінде қолданылатын ЖАОК тізбесі

№ п/п	ЖАОК атауы	Онлайн платформаның атауы	ЖАОК-ны зерттеудің еңбек сыйымдылығы және ұзақтығы	ЖАОК ұсынылатын дайындық/ мамандық бағыттары	ЖАОК-ға сәйкес келетін оқу пәндерінің / ББ модульдерінің атауы	Пайдалану шарттары (Модель)

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім беру барысын ұйымдастыру туралы Ереже	14-бет, 16 беттен тұрады

3-қосымша

ӨТІНІШ ФОРМАСЫ

Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
Басқарма төрағасы - ректор
С.Н.Идрисовке

_____ факультет/мамандық
_____ курс _____ тобының студенті

(Т.А.Ә)

Өтініш

Менің _____ онлайн-платформасындағы жаппай ашық онлайн-курс арқылы ББ игеруіме орай _____ атты пәнді меңгеру нәтижелерімді қайта жүктеуіңізді сұраймын.

Оқу нәтижелерін растайтын сертификат тіркелген.

Күні, жылы

Қолы

